

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

№5 «Почемучки» ортаңғы тобы

Айы: қыркүйек

Өткізу күні	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің барысы
04.09.2025	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға, дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауға үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.</p> <p align="center">Сөздік қоры</p> <p>Жемістер, көкөністер, және табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Заттардың санын, қимылын білдіретін сөздерді айта білуді үйрету.</p> <p align="center">Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p align="center">Байланыстырып сөйлеу</p> <p>Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету.</p>	<p>I.Кіріспе Шаттық шеңбер</p> <p>II. Негізгі бөлім</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сұрақ – жауап. Күз мезгілі туралы. 2. Слайдпен жұмыс 3. Мақал-мәтел Күз – береке, байлықтың бастауы. 4. Сурет бойынша жұмыс «Алтын күз» <p>Ойын: Ойын «Бұл қай мезгілде болады?» Мақсаты. қай жыл мезгілі екенін дұрыс тауып атайды. Сурет бойынша ойланып, дұрыс жауабын табады. Сызба бойынша әңгімелейді.</p> <p>Сергіту сәті Жел соқты гу - гу Жаңбыр жауды тырс - тырс Жаңбыр басылды Күн ашылды</p> <p>Фонетикалық жаттығу: Ү-ү-ү- бұл күз, Ыр-ыр-жаңбыр Ық-ық- суық</p> <p>Сөздік жұмысы: Жаңбыр, суық, жел, күз</p> <p>III. Қорытынды: Тренинг: “Табиғат құбылыстары” Қатты нөсер басылды, (Жаймен тырсылдатады) Күн жарқырай ашылды, (Қолдарымен күн жасайды) Көктен төмен әдемі кемпірқосақ шашылды. (Жарты доға</p>

		<p>жасайды) Балалардың еңбектерін бағалап, мадақтау. Жылы тілектер айта отырып қоштасады. -Аман болайық! -Дос болайық!</p>
<p>11.09.2025</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тындауға, дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауға үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.</p> <p style="text-align: center;">Сөздік қоры</p> <p>Жемістер, көкөністер, және табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Заттардың санын, қимылын білдіретін сөздерді айта білуді үйрету.</p> <p style="text-align: center;">Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p style="text-align: center;">Байланыстырып сөйлеу</p> <p>Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету.</p>	<p>I.Кіріспе Шаттық шеңбер Армысыз көк аспан! Армысыз алтын күн! Армысыз жер ана!</p> <p>II. Негізгі бөлім</p> <p>1. Сұрақ – жауап - Күзде нелер піседі? 2. Слайдпен жұмыс «Жомарт күз» 3. Әрі қызыл, әрі тәтті Татқан жанды таңырқатты. /Қарбыз/ 4. Сурет бойынша жұмыс «Күз»</p> <p>Ойын «Бақша да ма, бау да ма?» Мақсаты: Жемістер мен көкөністер туралы мағлұмат беру. Олардың айырмашылықтарын түсіндіру. Ағашқа жемістерді жинау керек. Себетке көкөністерді жинайды.</p> <p>Сергіту сәті: Қане қанат жазайық Құстарға біз ұқсайық Ұшып,ұшып алайық, Орнымызға қонайық</p> <p>Сөздік жұмысы: жемістер , көкөністер, піседі, бақшада, бауда</p> <p>III. Қорытынды: Балалардың еңбектерін бағалап, мадақтау. Жылы тілектер айта отырып қоштасады. - Аспан ашық болсын!</p>

18.09.2025

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті

Қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тындауға, дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауға үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.

Сөздік қоры

Жемістер, көкөністер, және табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Заттардың санын, қимылын білдіретін сөздерді айта білуді үйрету.

Тілдің грамматикалық құрылымы

Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Байланыстырып сөйлеу

Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету.

I.Кіріспе

Шаттық шеңбер

Қайырлы таң, көк аспан!

Қайырлы таң, алтын күн!

Қайырлы таң, жер ана!

Қайырлы таң, балалар!

II. Негізгі бөлім

1. Сұрақ – жауап

- Күзде нелер піседі?

2. Слайдпен жұмыс «Жомарт күз»

3. Мнемосызбамен жұмыс

Ойын «Сиқырлы қапшық»

Мақсаты. Қолына алады, пішінін, дәмін, түсін, қолдануын айтады. Көкөністер мен жемістер туралы тақпақтарын айтады.

Сергіту сәті: Жаңбыр жауды тырс-тырс

Сөздік жұмысы: алма, алмұрт, шие, қызылша, сәбіз

III. Қорытынды:

Балалардың еңбектерін бағалап, мадақтау.

Жылы тілектер айта отырып қоштасады.

- Аспан ашық болсын!

-Деніміз сау болсын!

<p>25.09.2025</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға, дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауға үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.</p> <p style="text-align: center;">Сөздік қоры</p> <p>Жемістер, көкөністер, және табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Заттардың санын, қимылын білдіретін сөздерді айта білуді үйрету.</p> <p style="text-align: center;">Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p style="text-align: center;">Байланыстырып сөйлеу</p> <p>Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету.</p>	<p>I.Кіріспе</p> <p>Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды күніміз Жайнай түсті даламыз.</p> <p>II. Негізгі бөлім</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мнемосызба бойынша жұмыс 2. Слайдпен жұмыс «Жемістер мен көкөністер» 3. Сурет бойынша жұмыс «Күз» <p>Ойын «Не артық?»</p> <p>Мақсаты. тақырыптық сөздерді дұрыс айта алады. Заттарды ажыратып, дұрыс атайды Қосымша пайдалану түрлерін ойластырады</p> <p>Сергіту сәті:</p> <p>Сөздік жұмысы: тәтті, ащы, дәмді</p> <p>III. Қорытынды:</p> <p>Балалардың еңбектерін бағалап, мадақтау. Жылы тілектер айта отырып қоштасады.</p> <p>- Аспан ашық болсын! -Деніміз сау болсын!</p>
-------------------	--	---

Әдіскер 

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

№5 «Почемучки» ортаңғы тобы

Айы: қазан

Өткізу күні	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің барысы
02.10.2025	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы дыбыстар бар сөздерді қолдануға үйрету; қазақ тілінің ерекше ә,і,ң дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету.</p> <p>Сөздік қоры Зат атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Отбасы мүшелері, сандар туралы білімдерін кеңейту. Күнделікті өмірде қолданатын сөздер мен іс-әрекетті білдіретін сөздерді үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым жауап беруге үйрету, диалогқа қатысу.Өзіңіз туралы (Аты, Тегі, жасы), айту қабілетін қалыптастыру.Отбасы, айналаңыздағы адамдармен қарым-қатынас жасау үшін қажетті сөздерді айту (Сәлеметсіз бе?Сау болыңыз!Рахмет!).</p>	<p>I.Кіріспе Атамнан басталар Әжемнен қосталар, Отбасы осылар, Ең жақын адамдар. Сұрақ – жауап. Күз мезгілі туралы. Келді міне күз, Айнала сары түс. Керемет, тамаша, Қандай әсем күз.</p> <p>II. Негізгі бөлім</p> <p>1. Тақпақ Отбасы- ол бақыт Отбасы- ол ата- ана Отбасы- туыстарымыз Отбасы- ол шаңырақ</p> <p>2. Суретпен жұмыс «Отбасы»</p> <p>3. Сөздік жұмысы: отбасы, ана, әке, ата, әже</p> <p>Ойын «Қай зат кімдікі?» Мақсаты. ойын арқылы отбасы мүшелерін ажырата білуге, кімге қай зат тиесілі екенін табуға, балалардың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>Сергіту сәті: Жел соғады бетіме Тербеледі ағаштар, Төмен төмен отырып Биік биік ағаштар.</p>

	<p>Мақал-мәтелдерді жатқа айтуға үйрету.</p>	<p>Сызба бойынша жұмыс Мен атамды жақсы көремін. Мен анамды жақсы көремін. Мен ағамды жақсы көремін. III. Қорытынды: Ойын: «Көршіңе қуаныш сыйла» Жылы тілектер айта отырып қоштасады. -Аман болайық! -Дос болайық!</p>
<p>09.10.2025</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы дыбыстар бар сөздерді қолдануға үйрету; қазақ тілінің ерекше ә,і,ң дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету.</p> <p>Сөздік қоры Зат атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Отбасы мүшелері, сандар туралы білімдерін кеңейту. Күнделікті өмірде қолданатын сөздер мен іс-әрекетті білдіретін сөздерді үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: ☐ Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым жауап беруге үйрету, диалогқа қатысу.Өзіңіз туралы (Аты, Тегі, жасы), айту қабілетін қалыптастыру.Отбасы, айналаңыздағы адамдармен</p>	<p>I.Кіріспе Келді міне күз, Айнала сары түс. Керемет, тамаша, Қандай әсем күз.</p> <p>II. Негізгі бөлім Сұрақ- жауап - Сенің анаң қандай адам? - Менің анам жақсы. - Менің әжем ақкөңіл. - Менің әкем қатал.</p> <p>Сөздер: Жақсы, ақкөңіл, қатал Ойын «Кім жоқ?» Мақсаты.Өз отбасы мүшелерін танып білуді, отбасы мүшелерін олардың аталуын, сұраққа жауап бере алады, көмек көрсете біледі. Өз ойларын жеткізе алады .</p> <p>Сергіту сәті Жел соқты гу - гу Жаңбыр жауды тырс - тырс Жаңбыр басылды Күн ашылды</p>

	<p>қарым-қатынас жасау үшін қажетті сөздерді айту (Сәлеметсіз бе?Сау болыңыз!Рахмет!).Мақал-мәтелдерді жатқа айтуға үйрету.</p>	<p>Фонетикалық жаттығу: Бір үйде біз нешеуміз, Кел, санайық екеуміз. Бас бармағым – папам, Балаң үйрек – апам, Ортаң үйрек – ағам, Шылдыр шүмек – мен Титтей бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз – бесеуміз.</p> <p>Мнемосызба бойынша жұмыс. Мынау- менің отбасым. Менің анам, әкем, әжем, атам бар.</p> <p>III. Қорытынды: Бір шаңырақ астында, Тату - тәтті тұрамыз. Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз.</p> <p>Жылы тілектер айта отырып қоштасады. -Аман болайық! -Дос болайық!</p>
16.10.2025	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы дыбыстар бар сөздерді қолдануға үйрету; қазақ тілінің ерекше ә,і,ң дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету.</p> <p>Сөздік қоры Зат атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Отбасы мүшелері, сандар туралы білімдерін кеңейту. Күнделікті өмірде қолданатын сөздер мен іс-әрекетті білдіретін сөздерді үйрету.</p>	<p>I.Кіріспе Үлкенге де сіз, (оң қолын алға созады) Кішіге де сіз. (сол қолын алға созады) Барша жанды құрметтеп, (екі қолын кеудеге қояды) Бас иеміз біз. (бас иеді)</p> <p>II. Негізгі бөлім 1. Суретпен жұмыс « Менің отбасым» 2. Мақал-мәтел «Отан – қуат, Отбасы – шуақ.»</p> <p>Ойын «Мен ... жақсы көремін» Мақсаты:Балалар пиктограмма арқылы отбасын, отбасы мүшелерін жақсы көретіндіктерін айтады.</p>

	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым жауап беруге үйрету, диалогқа қатысу.Өзіңіз туралы (Аты, Тегі, жасы), айту қабілетін қалыптастыру.Отбасы, айналаңыздағы адамдармен қарым-қатынас жасау үшін қажетті сөздерді айту (Сәлеметсіз бе?Сау болыңыз!Рахмет!).Мақал-мәтелдерді жатқа айтуға үйрету.</p>	<p>Мысалы: Мен атамды (әжемді, анамды, әкемді, ...) жақсы көремін. Біз отбасымызды жақсы көреміз.</p> <p>Сергіту сәті Фонетикалық жаттығу: Ақ-ақ-ақкөңіл Сы-сы-жақсы Қа-қа- қатал</p> <p>Сөздік жұмысы: жақсы көремін, менің анам, менің әкем</p> <p>ІІІ. Қорытынды: Балалардың еңбектерін бағалап, мадақтау. Жылы тілектер айта отырып қоштасады. -Аман болайық! -Дос болайық!</p>
23.10.2025	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы дыбыстар бар сөздерді қолдануға үйрету; қазақ тілінің ерекше ә,і,ң дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету.</p> <p>Сөздік қоры Зат атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Отбасы мүшелері, сандар туралы білімдерін кеңейту. Күнделікті өмірде қолданатын сөздер мен іс-әрекетті білдіретін сөздерді үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>I.Кіріспе Ал.балалар тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық Шаңырақты көтеріп Керегені құрайық Уық болып иіліп Бір отбасы болайық.</p> <p>ІІ. Негізгі бөлім Жұмбақ: Онда әкем-шешем тұрады, Ата-әже бауырым. Бәрі бірге қосылып, Бір ұғымды құрады. (Отбасы)</p> <p>Сұрақ – жауап. Отбасында неше адам бар? Сурет бойынша жұмыс «Отбасы ағашы»</p>

	<p>Байланыстырып сөйлеу: Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым жауап беруге үйрету, диалогқа қатысу.Өзіңіз туралы (Аты, Тегі, жасы), айту қабілетін қалыптастыру.Отбасы, айналаңыздағы адамдармен қарым-қатынас жасау үшін қажетті сөздерді айту (Сәлеметсіз бе?Сау болыңыз!Рахмет!).Мақал-мәтелдерді жатқа айтуға үйрету.</p>	<p>Ойын «Кім жоқ Үйде нешеу екенбіз? Кел санайық екеуміз.» <i>Мақсаты.</i>Отбасында неше адам санайды, айтады. Санамақты жаттайды. Әр бала отбасында неше адам бар екенін айтуға үйренеді. Сергіту сәті Бір, екі, үш, Сан үйрену күш. Үш, төрт, бес, Санай біл тез. Сөздік жұмысы: бір, екі, үш Ш. Қорытынды: Балалар бүгін біз кімдер туралы айттық? Ойын: «Жылулық лебізі» Балалардың еңбектерін бағалап, мадақтау. Жылы тілектер айта отырып қоштасады. -Аман болайық! -Дос болайық!</p>
30.10.2025	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы дыбыстар бар сөздерді қолдануға үйрету; қазақ тілінің ерекше ә,і,ң дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету.</p> <p>Сөздік қоры Зат атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Отбасы мүшелері, сандар туралы білімдерін кеңейту. Күнделікті өмірде қолданатын сөздер мен іс-әрекетті білдіретін сөздерді үйрету.</p>	<p>I.Кіріспе Шаттық шеңбері II. Негізгі бөлім Мнемосызба бойынша жұмыс «Отбасы- алтын ошақ» Сурет бойынша жұмыс Ойын «Кім жоқ Үйде нешеу екенбіз? Кел санайық екеуміз.» <i>Мақсаты.</i>Отбасында неше адам санайды, айтады. Санамақты жаттайды. Әр бала отбасында неше адам бар екенін айтуға үйренеді.</p>

	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым жауап беруге үйрету, диалогқа қатысу.Өзіңіз туралы (Аты, Тегі, жасы), айту қабілетін қалыптастыру.Отбасы, айналаңыздағы адамдармен қарым-қатынас жасау үшін қажетті сөздерді айту (Сәлеметсіз бе?Сау болыңыз!Рахмет!).Мақал-мәтелдерді жатқа айтуға үйрету.</p>	<p>Сергіту сәті Ал балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай бұрылып, Солға қарай бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Бой сергітіп алайық.</p> <p>Фонетикалық жаттығу: Ір-ір-бір Кі-кі-екі Өрт- өрт- төрт</p> <p>Жаңылтпаш Бір, екі, үш, Сан үйрену күш. Үш, төрт, бес, Санай біл тез.</p> <p>ІІІ. Қорытынды: Тренинг: “Табиғат құбылыстары” Қатты нөсер басылды,(Жаймен тырсылдатады) Күн жарқырай ашылды,(Қолдарымен күн жасайды) Көктен төмен әдемі кемпірқосақ шашылды.(Жарты доға жасайды) Балалардың еңбектерін бағалап, мадақтау. Жылы тілектер айта отырып қоштасады. -Аман болайық! -Дос болайық!</p>
--	---	---

Әдіскер 

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
№5 «Почемушки» ортаңғы тобы

Айы: қараша

Өткізу күні	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің барысы
06.11.2025	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтып, есте сақтай білуге үйрету, осы сөздерді қолдану; қазақ тіліне тән дыбыстарды айту: ә, ө, қ, ұ, ұ, и, ғ, н, һ.</p> <p>Сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және анық дикцияны дамыту.</p> <p>Сөздік қор: таныс сөздерді балабақша, ойыншықтар атаулары күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Кеңістікті бағдарлау сөздерді қолдануға дағдыландыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуге және қолдануға үйрету;</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету.</p>	<p>I.Кіріспе Бала, бала, баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз.</p> <p>Сұрақ- жауап: -Неше жыл мезгілі бар? - Апта күндері</p> <p>II. Негізгі бөлім Сурет бойынша жұмыс «Балабақша» Мынау- балабақша. Балабақша –әдемі, үлкен, таза.</p> <p>Тақпақ жаттау Балабақша базарлы үй Қаладағы ажарлы үй Күлкісі бар шуақты Өз үйіміз сияқты.</p> <p>Ойын «Көмекші кестелер» Мақсаты: кестеге қарап, балабақша туралы құрастырады, атайды. Балабақша қалай аталады, не істейді, балабақшада кімдер жұмыс істейді туралы айтады. Тақырыптық сөздерді дұрыс қолданады.</p> <p>Сергіту сәті Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ,</p>

		<p>Қосып едім екеуін, Болып шықты он саусақ.. Фонетикалық жаттығу: Ша-ша- балабақша Мі-мі-әдемі Та-та-таза Кен-кен- үлкен ІІІ. Қорытынды: «Біз не білдік, не үйрендік?» Балалардың еңбектерін бағалап, мадақтау. Жылы тілектер айта отырып қоштасады. -Аман болайық! -Дос болайық!</p>
13.11.2025	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтып, есте сақтай білуге үйрету, осы сөздерді қолдану; қазақ тіліне тән дыбыстарды айту: ә, ө, қ, ұ, ұ, и, ғ, н, һ. Сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және анық дикцияны дамыту. Сөздік қор: таныс сөздерді балабақша, ойыншықтар атаулары күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Кеңістікті бағдарлау сөздерді қолдануға дағдыландыру. Тілдің грамматикалық құрылымы Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуге және қолдануға үйрету; Байланыстырып сөйлеу Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету.</p>	<p>I.Кіріспе «Ізгі сөздер» Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға, «Қайырлы таң!»- деймін мен. Күндіз де елді елеймін: «Қайырлы күн!»- тілеймін. Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін: «Кеш жарық!»- деп кіремін. ІІ. Негізгі бөлім Мнемосызба бойынша жұмыс « Сүйікті ойыншықтарым» Сурет бойынша жұмыс. Мынау – ойыншықтар. Ойыншықтар: қуыршық, доп, текше, асық, күрек, бесік арба. Ойыншықтар әдемі. Ойын «Дұрыс көрсет, дұрыс ата» Мақсаты: Ойыншықтарды дұрыс айтып, көрсетеді. Мынау не? деген сұраққа дұрыс жауап айтады. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонетикалық жаттығу:</p>

		<p>Қуыр- қуыр- қуыршақ Оп-оп-бұл доп Ше-ше- әдемі текше Рек-рек-бұл күрек Сергіту сәті Ал балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай бұрылып, Солға қарай бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Бой сергітіп алайық. Жаңылтпаш Бір, екі, үш, Сан үйрену күш. Үш, төрт, бес, Санай біл тез. ІІІ. Қорытынды: Балалардың еңбектерін бағалап, мадақтау. Жылы тілектер айта отырып қоштасады. -Аман болайық! -Дос болайық!</p>
20.11.2025	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтып, есте сақтай білуге үйрету, осы сөздерді қолдану; қазақ тіліне тән дыбыстарды айту: ә, ө, қ, ұ, ұ, и, ғ, н, һ. Сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және анық дикцияны дамыту. Сөздік қор: таныс сөздерді балабақша, ойыншықтар атаулары күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Кеңістікті бағдарлау сөздерді қолдануға</p>	<p>I.Кіріспе Қайырлы таң, көк аспан! Қайырлы таң, жер ана! Қайырлы таң, алтын күн! Сурет бойынша жұмыс: «Күз ерекшеліктері» ІІ. Негізгі бөлім Бейнеслайд «Менің ойыншығым» Сурет бойынша жұмыс. Мен балабақшаға барамын. Балабақшада ойнаймын, ән саламын, би билеймін, тамақ ішемін, ұйықтаймын. Ойын «Жалғастыр, сипатта»</p>

	<p>дағдыландыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуге және қолдануға үйрету;</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету.</p>	<p>Мақсаты: Кез келген ойыншықты таңдап, сипаттайды. Ойыншық не үшін керек екенін айтады.</p> <p>Мысалы: Мынау- доп. Доп- дөңгелек. Мен доппен ойнаймын.</p> <p>Сергіту сәті Сылдыр, сылдыр, сылдырмақ, Шақырады сылдырлап. Қарайды қуыршақ, Қарайды құлыншақ</p> <p>Тақпақ Біздерде бар қуыршақ Бұзау, қозы, құлыншақ Ойыншықтар тыңдайды Өмір беріп бұйырсақ</p> <p>III. Қорытынды: Балалардың еңбектерін бағалап, мадақтау. Жылы тілектер айта отырып қоштасады. -Аман болайық! -Дос болайық!</p>
27.11.2025	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтып, есте сақтай білуге үйрету, осы сөздерді қолдану; қазақ тіліне тән дыбыстарды айту: ә, ө, қ, ұ, ұ, и, ғ, н, һ.</p> <p>Сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және анық дикцияны дамыту.</p> <p>Сөздік қор: таныс сөздерді балабақша, ойыншықтар атаулары күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Кеңістікті бағдарлау сөздерді қолдануға дағдыландыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді</p>	<p>I.Кіріспе Қуанамын мен де. Қуанасың сен де, Қуанайық, достарым, Арайлап атқан күнге! -Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілінде неше ай бар? Балалар қолдарын көтеріп, қимылмен көрсетеді. -Күз мезгілі. -Үш ай бар.</p> <p>II. Негізгі бөлім Суретпен жұмыс: -Балалар қараңдаршы. Қандай әсем,әдемі ойыншықтар. -Біз бүгін осы ойыншықтар туралы көбірек білетін боламыз.</p>

	<p>түсінуге және қолдануға үйрету;</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету.</p>	<p>-Балалар ойыншықтар бірнеше топқа бөлінеді.</p> <p>Олар; қатты ойыншықтар, жұмсақ ойыншықтар, резеңке ойыншықтар.</p> <p>Қатты ойыншықтарға мәшине, ұшақ, пойыз жатса, жұмсақ ойыншықтарға аю, қоян жатады.</p> <p>Резеңке ойыншықтардың жұмсағы да, қаттысы да болады.</p> <p>Ойын «Кестемен құрастыр» <u>Мақсаты.</u> сөз тіркестерін түсінеді және сөздерді байланыстырып жаттығады. <u>Барысы:</u> тақтадағы мнемокестеге қарап, балалар сөзтіркестер және сөйлемдер құрастырып жаттығады.</p> <p>Сергіту сәті Күн ұйықтайды. Күн оянады. Жел соқты. Жаңбыр жауды. Бұлт шатырлады. Күн ашылды. Жел басылды.</p> <p>Фонетикалық жаттығу: Ры-ры- сары Қы-қы-қызыл Ыл-ыл-жасыл Ра-ра-қара</p> <p>ІІІ. Қорытынды: Т Балалардың еңбектерін бағалап, мадақтау.</p>
--	---	---

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

№5 «Почемучки» ортаңғы тобы

Айы : желтоқсан

Өткізу күні	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің барысы
04.12.2025	<p>Дыбыстық сөйлеу мәдениеті</p> <p>Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдай білуге үйрету, оларды дұрыс айту және есте сақтау, дұрыс айту. Қазақ тілінің ерекше дыбыстары: ә, ө,і, қ,ғ, ң, һ, ү, ұ. бойынша жұмысты жалғастыру артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Сөздік қор</p> <p>Табиғат,киім , түстер, дене мүшелері тақырыбында түсінігін кеңейту.Тақырыпқа қатысты сөздер мен сөз тіркестерді таныстыру .Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуге және қолдануға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу</p> <p>Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету.</p>	<p>I.Кіріспе</p> <p>Шеңбер болып тұрайық, Алақанды ашайық, Күннің нұрын алайық, Таза ауаны жұтайық, Жүрекке жылу салайық, Мейірімділік жылуын алайық, Жиналған жылы шуақты, Бір-бірімізге шашайық.</p> <p>Жұмбақ жасыру:</p> <p>Тісі жоқ тістеп алады, Қолы жоқ сурет салады. (Аяз)</p> <p>Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тоңады. (Қар)</p> <p>II. Негізгі бөлім</p> <p>Сурет бойынша жұмыс</p> <ul style="list-style-type: none">- Қазір жылдың қандай мезгілі?-Қыс мезгілі.-Қыс мезгілінде ауа - райында қандай өзгерістер болады?- Қар жауады, суық балады, боран соғады, аяз болады.-Қыс мезгілінде адамдар қалай киінеді?- Адамдар жылы киінеді.

		<p>Ойын «Тақырыпқа белгіні таңдаңыз» Мақсаты. мұғалім балаларды қайсысы, қайсы, қайсысы? деген сұрақтарға жауап беруге шақырады. Мысалға: қыс(қай)- аппақ, ақ, аязды, қатал, қарлы, қатал, салқын, суық, желді, ақылды, ертегі, керемет, жылтыр; мұз (қай)- мөлдір, күшті, жұқа, тегіс, тайғақ, суық, сынғыш ...; шаңғы (қандай)- ағаш, әдемі, тегіс, тайғақ, т.б.</p> <p>Сергіту сәті «Қар жауып тұр» – алақандарды жоғары көтеріп, жайлап қағу. «Аяз келді» – иықты құшақтап, суықты сезіну. «Шанамен сырғанайық» – қолдарымен шананы итергендей қозғалыс жасау.</p> <p>Фонетикалық жаттығу: Ыс-ыс-бұл қыс Яз-яз- қатты аяз Ран-ран-боран</p> <p>Сөздік жұмысы: қыс, қар, суық, аяз, боран, жел</p> <p>ІІІ. Қорытынды: Балалардың еңбектерін бағалап, мадақтау. Жылы тілектер айта отырып қоштасады. Жүректен жүрекке, Қол ұстасып тұрайық, Достық әнге салайық, Сау - саламат болайық.</p>
11.12.2025	<p>Дыбыстық сөйлеу мәдениеті Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдай білуге үйрету, оларды дұрыс айту және есте сақтау, дұрыс айту. Қазақ тілінің ерекше дыбыстары: ә, ө, і, қ, ғ, ң, һ, ү, ұ. бойынша жұмысты жалғастыру артикуляциялық</p>	<p>I.Кіріспе Армысың көк аспан! Армысың жер ана! Армысың достарым! Сендерді көргеніме қуанамын!</p>

аппаратты дамыту.

Сөздік қор

Табиғат, киім, түстер, дене мүшелері тақырыбында түсінігін кеңейту. Тақырыпқа қатысты сөздер мен сөз тіркестерді таныстыру. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.

Тілдің грамматикалық құрылымы

Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуге және қолдануға үйрету.

Байланыстырып сөйлеу

Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету.

II. Негізгі бөлім

Сұрақ- жауап

Қыста қандай өзгерістер болады?

Қандай киім киеміз?

Қыста қандай ойындар ойнаймыз?

Қар жауған кезде табиғат қалай өзгереді?

Слайд. Балаларға қыс мезгілінің бейнесін көрсету.

Ойын «Ұсыныс жаса»

Мақсаты. үйлесімді сөйлеуді дамыту, жалпы сөйлемді дұрыс құра білу. Ойын ережесі: мұғалім сөзді атайды (қыс) ... балалар берілген сөзбен сөйлем ойлап табады.

Тақпақ: Қар жауыпты далаға,

Қар жауыпты қалаға.

Сырғанаймыз енді біз,

Отырып ап шанаға.

Жұмбақ: Шана зырғып желетін.

Шаңғы коньки тебетін,

Аққала жасап ойнайтын.

Бұл қай кез деп ойлайсың.

Қыс.

Сөздік жұмысы: шана, шаңғы, сырғанайды, тебеді, аққала

Сергіту сәті

Қолдарын жоғары көтереді (боранды қимылмен көрсетеді.)

Қатты аяз соқты

(Қолдарын қусырып, аяқтарын томпандаты)

Күн шықты

(алақай қолдарын көтеріп, шапалақтайды.)

III. Қорытынды:

Балалардың еңбектерін бағалап, мадақтау.

-Сендерге бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекет ұнады ма?

		<p>Әркім өз қалауы бойынша смайликтарды тақтаға ілу. -Қол ұстасып тұрайық, Шеңберді біз құрайық. Көріскенше күн жақсы. Сау саламат болайық.</p>
<p>18.12.2025</p>	<p>Дыбыстық сөйлеу мәдениеті Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдай білуге үйрету, оларды дұрыс айту және есте сақтау, дұрыс айту. Қазақ тілінің ерекше дыбыстары: ә, ө, і, қ, ғ, н, һ, ү, ұ. бойынша жұмысты жалғастыру артикуляциялық аппаратты дамыту</p> <p>Сөздік қор Табиғат, киім, түстер, дене мүшелері тақырыбында түсінігін кеңейту. Тақырыпқа қатысты сөздер мен сөз тіркестерді таныстыру. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуге және қолдануға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету.</p>	<p>I. Кіріспе Армысың көк аспан! Армысың жер ана! Армысың достарым! Сендерді көргеніме қуанамын!</p> <p>II. Негізгі бөлім Жұмбақ: «Ти» - десем, тимейді, «Тиме» - десем, тиеді. Суретпен жұмыс: Мынау - бас, қол, саусақ, аяқ Ойын «Дене мүшелерін ата» Мақсаты. Адамның дене мүшелері туралы мәлімет беру, жаңа сөздерді дұрыс айтуға үйрету. Салауатты өмір салтына байланысты тәрбиелік мақсатта сурет бойынша әңгімелеу. Дене мүшелерін дұрыс көрсету деңгейіне жеткізу.</p> <p>Сергіту сәті Оң қолымда — бес саусақ, Сол қолымда — бес саусақ. Алақанды ашамыз, Бәрін санап аламыз.</p> <p>Фонетикалық жаттығу: -яқ-яқ-яқ- -қо-қо-қо- -өз-өз-өз- -сақ- сақ-сақ-</p> <p>III. Қорытынды: Шеңбер құрып, доп лақтыру. -Балалар екі көз не үшін керек?</p>

		<p>-Жақсыларды көру үшін Екі құлақ не үшін керек? -Ақыл-кеңес тыңдау үшін -Екі қол не үшін керек? -Елге көмек беру үшін -Екі аяқ не үшін керек? -Шетте жүрсең, туған жерге жету үшін. -Ал басың не үшін керек? -Бәрін-бәрін ойлау үшін. Дұрыс балалар, олай болса мен сендердің барлық дене мүшелеріңе саулық тілеймін. Мадақтау.</p>
25.12.2025	<p>Дыбыстық сөйлеу мәдениеті Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдай білуге үйрету, оларды дұрыс айту және есте сақтау, дұрыс айту. Қазақ тілінің ерекше дыбыстары: ә, ө,і, қ,ғ, ң, һ, ү, ұ. бойынша жұмысты жалғастыру артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Сөздік қор Табиғат, киім, түстер, дене мүшелері тақырыбында түсінігін кеңейту. Тақырыпқа қатысты сөздер мен сөз тіркестерді таныстыру. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуге және қолдануға үйрету.</p>	<p>I. Кіріспе Біз бақытты баламыз, Өсті ақыл-санамыз. Қонақтармен ең алғаш, Амандасып аламыз.</p> <p>II. Негізгі бөлім Ойын «Қуыршақты киіндір» Мақсаты. Киім атауларын дұрыс атап, қуыршақты киіндіру. Жыл мезгіліне қарай киімдерді ажырата білуге үйрету. Қандай? Сұрағына дұрыс жауап беруге үйрету. Сөздік жұмысы: оң, сол, жоғары, төмен, тон, пима, қолғап, бөкебай, құлақшын</p> <p>Сергіту сәті Тоңса біздің қолымыз, Қолғапты киіп аламыз. Сарт – сарт – сарт, Шапалақты соғамыз. Тоңса біздің аяғымыз, Етікті киіп аламыз. Топ – топ – топ,</p>

	<p style="text-align: center;">Байланыстырып сөйлеу</p> <p>Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету.</p>	<p>Топылдатып билейміз.</p> <p>Ойын «Дұрыс па , әлде бұрыс па?»</p> <p>Киім түрлерін атайды.</p> <p>Жаңылтпаш</p> <p>Қыс түсті, қыс қысты, құс ұшты</p> <p>III. Қорытынды:</p> <p>Жылы тілектер айта отырып қоштасады.</p> <p>-Аман болайық!</p> <p>-Дос болайық!</p>
--	---	---

Әдіскер 

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
№5 «Почемушки» ортаңғы тобы

Айы : қаңтар

Өткізу күні	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің барысы
08.01.2026	<p align="center">Дыбыстық сөйлеу мәдениеті</p> <p>Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтып, есте сақтай білуге үйрету, осы сөздерді қолдану; қазақ тіліне тән дыбыстарды айту: ң,һ дыбыстары</p> <p>Сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс аруды және анық дикцияны дамыту.</p> <p align="center">Сөздік қоры</p> <p>Күнделікті өмірде кездесетін кейбір тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; «Үй жануарлары» мен «Дала жануарлары» тақырыбында түсінігін кеңейту.</p> <p align="center">Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуге және қолдануға үйрету.</p> <p align="center">Байланыстырып сөйлеу</p> <p>Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету.</p> <p>Мақал-мәтелдерді жатқа айтуға үйрету.</p>	<p>I.Кіріспе</p> <p>Қуанамын мен де, Қуанасың сен де Қуанайық достарым Арайлап атқан таңға да</p> <p>Жұмбақ:</p> <p>Өзі бір қу,жүрген жері айқай шу. (түлкі)</p> <p>II. Негізгі бөлім</p> <p>Сұрақ- жауап</p> <p>Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? қыс</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ал сендерге қыс ұнай ма? - Қыс несімен ұнайды? - Қыс әртүрлі болады, боран соғады, аяз болады. - Осы қысқа біз қалай дайындаламыз? - Балалар қысқа біз ғана емес жабайы жануарлар да дайындалады. - Қандай жабайы жануарларды білесіңдер? - Оларды неге жабайы жануарлар деп атайды? <p>Балалар: Өйткені олар орманда өмір сүреді, тамақтарын өздері тауып жейді, өздеріне тұратын үй іздейді.</p> <p>Сурет бойынша жұмыс «Орманда»</p> <p>Ойын «Дұрыс па әлде бұрыс па?»</p> <p>Мақсаты. Жабайы аңдармен таныстыру. Ажыратуға үйрету. Сызбадағы суреттерді дұрыс көрсету, орындарына</p>

		<p>орналастыру.</p> <p>Сөздік жұмысы: Аю, қасқыр, түлкі, қоян, жабайы аңдар, орманда</p> <p>Сергіту сәті Ұзын құлақ сұр қоян Естіп қалып сыбдырды Ойлы қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді</p> <p>Фонетикалық жаттығу: Ян-ян- ақ қоян Қыр-қыр- сұр қоян Ю-ю- үлкен аю</p> <p>ІІІ. Қорытынды: 2 - тапсырма: «Қандай жұмбақ болса да, шешпей оны қоймаймыз» 1. Арадан қорқатын аң?- аю 2. Сүйкімді аң не? (тиін) Балалардың еңбектерін бағалап, мадақтау. Жылы тілектер айта отырып қоштасады. -Аман болайық! -Дос болайық!</p>
15.01.2026	<p>Дыбыстық сөйлеу мәдениеті Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтып, есте сақтай білуге үйрету, осы сөздерді қолдану; қазақ тіліне тән дыбыстарды айту: н,һ дыбыстары Сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және анық дикцияны дамыту.</p> <p>Сөздік қоры Күнделікті өмірде кездесетін кейбір тұрмыстық заттардың атауларын айту және</p>	<p>I.Кіріспе Табиғатым тамаша Көз тоймайды қараса Табиғатты аялап Жүрейікші жараса. Сәлем саған нұрлы күн Сәлем саған жер ана Аман-есен болайық Бейбітшілік қалайық</p> <p>Мнемосызба бойынша жұмыс: Қыс ерекшеліктері</p>

түсіну дағдыларын қалыптастыру;
«Үй жануарлары» мен «Дала жануарлары»
тақырыбында түсінігін кеңейту.

Тілдің грамматикалық құрылымы
Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді
түсінуге және қолдануға үйрету.

Байланыстырып сөйлеу
Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға
қарапайым сөйлемдермен жауап беруге,
диалогқа қатысуға үйрету.
Мақал-мәтелдерді жатқа айтуға үйрету.

II. Негізгі бөлім

Мнемосызба бойынша жұмыс « Сыңарын тап»

Сурет бойынша жұмыс

Ойын: «Анасын тап»

Қасқырдың баласы -/бөлтірік/

2. Аюдың баласы -/қонжық/

3. Түлкінің баласы -/мыршай/

4. Қоянның баласы -/көжек/

Ойын «Мекенін тап»

Мақсаты: Аңдардың түр түстеріне көңіл аударып, оларға
қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Аңдарды суреттегі мекен
жайларына дұрыс орналастыруға үйрету.

Сергіту сәті

Ақ қоян-ау, ақ қоян

Бетінді жушы

Қолында сүртші

Айнаға қарашы

Шашынды тарашы

Фонетикалық жаттығу:

Кө-кө- кішкентай көжек

Бө-бө- бөлтірік

Шай-шай-мыршай

Жық-жық- қонжық

Жаңылтпаш

Бір, екі, үш,

Сан үйрену күш.

Үш, төрт, бес,

Санай біл тез.

Сөздік жұмысы: көжек, бөлтірік, қонжық, мыршай, орманда

Ойын: «Қай аңның жүрісі»

Қоян: (Қос аяқтап, қолдарын алдарына қойып секіреді)

Қасқыр: (Аяғын аңдып басып, тістерін ақситады.)

		<p>Аю: (Қолдарын жанына алып қорбандар жүреді) Түлкі: (Құйрығын бұлғаңдатып, майысып жүреді) III. Қорытынды: Балалардың еңбектерін бағалап, мадақтау. Жылы тілектер айта отырып қоштасады. -Аман болайық! -Дос болайық!</p>
22.01.2026	<p>Дыбыстық сөйлеу мәдениеті Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтып, есте сақтай білуге үйрету, осы сөздерді қолдану; қазақ тіліне тән дыбыстарды айту: н,һ дыбыстары Сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс аруды және анық дикцияны дамыту.</p> <p>Сөздік қоры Күнделікті өмірде кездесетін кейбір тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; «Үй жануарлары» мен «Дала жануарлары» тақырыбында түсінігін кеңейту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуге және қолдануға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету. Мақал-мәтелдерді жатқа айтуға үйрету.</p>	<p>I.Кіріспе Армысың, шапағатты, Күн ана Армысың қайырымды, Аспан ана Армысың мейірімді, Жер ана Армысың менің достарым.</p> <p>Сұрақ-жауап Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілі Қыс мезгілінде неше ай бар? Үш ай. Желтоқсан, қаңтар, ақпан. Қыс мезгілінде табиғатта қандай құбылыстар болады? Су қатады, боран соғады, аяз болады, айналаның бәрін қар жауады.</p> <p>II. Негізгі бөлім «Дауысын ажырат» ойыны - Нелердің даусы? - Дұрыс айтасындар, сиыр, қойды үй жануарлары деп атайды. Үй жануарларына сонымен бірге жылқы, түйе, ешкі жатады. Қой - мә - мә маңырайды Сиыр - мө - мө мөңірейді Жылқы - е - е - е кісінейді</p> <p>Сурет бойынша жұмыс</p>

		<p>Ойын «Дұрыс көрсет» Мақсаты: Балаларды үй жануарларына деген сүйіспеншілігін арттыру және төлдерін дұрыс атай білуге, төрт түлікті күтіп бағуға, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Балаларға төрт түлік малдың өрісімен, тіршілік тағибатпен, малдың қадір қасиетімен таныстыру.</p> <p>Сергіту сәті Ал балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай бұрылып, Солға қарай бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Бой сергітіп алайық.</p> <p>Фонетикалық жаттығу: Құ-құ- кішкентай құлын Та-та-бота Зы-зы- ақ қозы Ақ-ақ- лақ Рай-рай- бұл торай</p> <p>Сөздік жұмысы: бота, құлын, лақ, қозы, торай, төлдер</p> <p>III. Қорытынды: «Кім жылдам» ойыны арқылы үй жануарларын қайталау</p> <p>Балалардың еңбектерін бағалап, мадақтау. Біз ақылды баламыз Айтқан тілді аламыз Бүгінгі келген қонаққа Сау болыңыз деп, айтамыз.</p>
29.01.2026	<p align="center">Дыбыстық сөйлеу мәдениеті Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтып, есте</p>	<p>I.Кіріспе Білер қазақ баласы</p>

сақтай білуге үйрету, осы сөздерді қолдану;
қазақ тіліне тән дыбыстарды айту: ң, һ
дыбыстары
Сөйлеу және артикуляциялық аппаратты,
тыныс алуды және анық дикцияны дамыту.

Сөздік қоры

Күнделікті өмірде кездесетін кейбір
тұрмыстық заттардың атауларын айту және
түсіну дағдыларын қалыптастыру; «Үй
жануарлары» мен «Дала жануарлары»
тақырыбында түсінігін кеңейту.

Тілдің грамматикалық құрылымы

Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді
түсінуге және қолдануға үйрету.

Байланыстырып сөйлеу

Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға
қарапайым сөйлемдермен жауап беруге,
диалогқа қатысуға үйрету.

Мақал-мәтелдерді жатқа айтуға үйрету.

Сәлем сөздің анасы
Көп танысты көреміз
Алдымыздан кезіккен
Бәріне де ізетпен
Иіліп сәлем береміз

II. Негізгі бөлім

Сұрақ- жауап:

- Балалар, сендерді ата - әжелерің қандай сөздермен
еркелетеді?

- Балалар: Ботақаным, қозым, құлыным, еркем, кішкентай
лағым, қошақаным.

Сурет бойынша жұмыс

Балалар, осы сүйкімді жануарлар төрт түлікке жатады.
Олар: түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі. Түйенің баласы - бота,
сиырдың баласы - бұзау, қойдың баласы - қозы, ешкінің
баласы - лақ, жылқының баласы - құлыншақ. Халқымыздың
байлығы да, берекесі де осы малдар. Адамға пайдасы өте
көп. Сүтін ішеміз, етін жейміз, киім қыламыз. Сиырдың,
қойдың, сүтінен май, құрт, айран, ірімшік жасайды.
Адамдар да оларға қамқорлық көрсетеді. Бағады, шөп, жем,
су береді, сауады, көптеген күтім жасайды.

Д/ о «Құйрығын тап»

Мақсаты: Қоршаған ортадағы аңдарды аялауға және
меірімді болуға тәрбиелеу. Олардың тыныс тіршілігімен
таныстыру. Көлеміне қарай салыстыра білуді жетілдіру.
Бірлесіп жұмыс істей білу. Баланың ойлау қабілетін, сөздік
қорын дамыту.

Сергіту сәті

Ал балалар, тұрайық,
Алақанды ұрайық.
Оңға қарай бұрылып,

		<p>Солға қарай бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Бой сергітіп алайық. Сөздік жұмысы: қорада, төрт түлік, шөп,су Тақпақ Кіп - кішкене момақан Қошақанды ұнатам Сүйеді апам қозым деп Қошақаным өзім деп III. Қорытынды: Ортаға келіп тұрайық, Шеңберді біз құрайық. Көріскенше күн жақсы, Сау - саламат болайық! Балалардың еңбектерін бағалап, мадақтау. Жылы тілектер айта отырып қоштасады. -Аман болайық! -Дос болайық!</p>
--	--	--